

Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 14 желтоқсан N 1539

Республикалық бюджет есебінен ұсталатын бюджеттік мекемелердің жылу энергиясы үшін жинақталып қалған берешекті қысқарту және Қызылорда облысының 6-ЖЭО жанғыш мазутпен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп "Құмкөл-ЛУКойл" акционерлік қоғамының республикалық бюджетте роялти төлеу жөніндегі 31900 мың (отыз бір миллион тоғыз жүз мың) теңге сомасындағы берешегіне есептеме жүргізісін.

Аталған сома республикалық бюджет есебінен ұсталатын бюджеттік

мекемелері мен қосымшаға сәйкес жылу энергиясын тұтынғаны үшін Қызылорда облысының 6-ЖЭО алдындағы бар берешегін қаржыландыру есебіне есептелсін.

2. "Құмкөл-ЛУКойл" акционерлік қоғамының алдындағы берген мазут үшін қызылорда облысының 6-ЖЭО берешегі есептеме сомасына өтеледі.

3. Берешек есептемесі 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 14 желтоқсандағы
N 1539 қаулысына
қосымша

Республикалық бюджет есебінен ұсталатын және тұтынылған жылу энергиясы үшін есептемеге қабылданған мекемелердің

ТІЗБЕСІ

(мың теңге)

Бюджеттік ұйымдардың атаулары Есептемеге қабылданған
берешек сомасы

Қорғаныс министрлігі	1046	
Білім министрлігі	7046	
Ауыл шаруашылығы министрлігі		414
Көлік және коммуникациялар министрлігі		9671
Қаржы министрлігі	607	
Мемлекеттік салық комитеті	1527	
Экология және биоресурстар министрлігі		121
Әділет министрлігі	1455	
Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет	140	
Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет		292
Су ресурстары жөніндегі комитет		36
Бас прокуратура	1257	
Мемлекеттік тергеу комитеті	6927	
Ұлттық қауіпсіздік комитеті	1361	
Жиыны:	31900	